

## **Елді мекендердегі жылумен жабдықтау саласында әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № 79 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 ақпанда № 26926 болып тіркелді

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Жылу желілері туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Елді мекендерде жылумен жабдықтау туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Бір объекіден үш объектіге дейін жылумен жабдықтауды қамтамасыз ететін дербес қазандықтар туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрі

К. Ускенбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық

## "Жылу желілері туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне.

Әкімшілік деректердің нысаны интернет-ресурста орналастырылған:  
[www.miid.gov.kz](http://www.miid.gov.kz)

Әкімшілік дереккөздер нысанының атауы: "Жылу желілері туралы мәліметтер".

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі (нысан атауының әріптік-сандық қысқаша көрінісі): ЖЖ-1.

Кезеңділік: жыл сайын.

Есепті кезең: есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі

аудандық маңызы бар қалалардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына есепті жылдан кейінгі жылдың 15 қаңтарынан кешіктірмей;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей жібереді.

P/c №	Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің коды	Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың атауы	Екі құбырлы есептегендегі жылу желілерінің ұзындығы, км	оның ішінде, км			
				магистральдық желілер	тозу,%	тарату желілері	тозу,%
1	2	3	4	5	6	7	8
		Облыс (қала) бойынша барлығы, оның ішінде аумақтық бірліктер бөлінісінде:					

кестенің жалғасы

--

оның ішінде диаметрі, миллиметр							
200-ге дейін , км	оның ішінде қызмет ету мерзімі 25 жылдан астам , км	желілердің тозуы,%	201-ден 400 -ге дейін, км	оның ішінде қызмет ету мерзімі 25 жылдан астам , км	желілердің тозуы,%	401-ден 600 -ге дейін, км	оның ішінде қызмет ету мерзімі 25 жылдан астам , км
9	10	11	12	13	14	15	16

### кестенің жалғасы

оның ішінде диаметрі, миллиметр							
желілердің тозуы,%	600-ден жоғары, км	оның ішінде қызмет ету мерзімі 25 жылдан астам , км	желілердің тозуы,%	Желілердің орташа тозуы,%	Технологи ялық бұзушылы қтар, бірлік	Сорғы станцияла рының саны, бірлік	Магистрал ьдық сорғы станцияла рының негізгі жабдықтар ының орташа тозуы,%
17	18	19	20	21	22	23	24

Атауы _____				Мекенжайы _____			
Телефоны _____							
Электрондық почта мекенжайы _____							
Орындаушы _____				_____ колы, телефоны			
Тегі, аты және әкісінің аты бар болған жағдайда							
Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам				_____ колы			
_____ Тегі, аты және әкісінің аты бар болған жағдайда							
Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)							

"Жылу желілері туралы мәліметтер"  
әкімшілік деректерді жинауға арналған  
нысанға  
қосымша

### "Жылу желілері туралы мәліметтер" әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме (ЖЖ-1, жыл сайын)

1. Осы түсіндірме "Жылу желілері туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының тиісті басқармалары толтырады және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне ұсынады.

3. Нысанға басшы не оның міндетін атқарушы адам тегін және аты-жөнін көрсете отырып қол қояды.

4. Нысан есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірілмей ұсынылады.
5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.
6. Нысан мынадай түрде толтырылады:
  - 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;
  - 2-бағанда әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің (ӨАОЖ) коды көрсетіледі;
  - 3-бағанда Қазақстан Республикасы облыстарының және қалаларының атауы көрсетіледі;
  - 4-бағанда облыс немесе қала бойынша екі құбырмен есептелген барлық жылу желілерінің ұзындығы көрсетіледі;
  - 5-бағанда облыс немесе қала бойынша екі құбырлы есептегендегі барлық магистральдық жылу желілерінің ұзындығы көрсетіледі;
  - 6-бағанда облыс немесе қала бойынша екі құбырлы есептегендегі барлық магистральдық жылу желілерінің тозуы көрсетіледі;
  - 7-бағанда облыс немесе қала бойынша екі құбырлы есептегендегі барлық таратушы жылу желілерінің ұзындығы көрсетіледі;
  - 8-бағанда облыс немесе қала бойынша екі құбырлы есептегендегі барлық таратушы жылу желілерінің тозуы көрсетіледі;
  - 9-20-бағандарда көрсетілген диаметрлер бойынша, оның ішінде қызмет ету мерзімі 25 жылдан асатын екі құбырлы есептеу кезінде барлық жылу желілерінің ұзындығы және олардың облыс немесе қала бойынша пайыздық қатынаста тозуы көрсетіледі;
  - 21-бағанда облыс немесе қала бойынша екі құбырлы есептегендегі барлық жылу желілерінің орташа тозуы пайыздық қатынаста көрсетіледі;
  - 22-бағанда облыс немесе қала бойынша жылу желілеріндегі технологиялық бұзушылықтардың саны көрсетіледі;
  - 23-бағанда облыс немесе қала бойынша сорғы станцияларының саны көрсетіледі.
  - 24-бағанда облыс немесе қала бойынша магистральдық сорғы станцияларының негізгі жабдықтарының пайыздық қатынаста орташа тозуы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық  
даму министрінің  
2022 жылғы 16 ақпандағы  
№ 79 Бұйрығына  
қосымша

## **"Елді мекендерде жылумен жабдықтау туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне.

Әкімшілік деректердің нысаны интернет-ресурста орналастырылған:  
www.miid.gov.kz

Әкімшілік дереккөздер нысанының атауы: "Елді мекендерде жылумен жабдықтау туралы мәліметтер"

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі (нысан атауының әріптік-сандық қысқаша көрінісі): ЕЖЖ-1.

Кезеңділік: жыл сайын.

Есепті кезең: есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі

аудандық маңызы бар қалалардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына есепті жылдан кейінгі жылдың 15 қаңтарынан кешіктірмей;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей жібереді.

P/c №	Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің коды	Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың атауы	Орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етілген халықтың жалпы саны, адам	Тұрғын үйлердің жалпы саны	
				өңір бойынша тұрғын үйлердің жалпы саны, бірлік	орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етілген тұрғын үйлер саны, бірлік
1	2	3	4	5	6
		Облыс (қала) бойынша барлығы, оның ішінде аумақтық бірліктер бөлінісінде:			

**кестенің жалғасы**

Орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету, %	Халыққа жылумен жабдықтау қызметтерін ұсынатын кәсіпорын		Кәсіпорынның орталықтандырылған жылумен жабдықтауымен қамтылған абоненттер саны, бірлік	Есепті жылдың соңындағы жағдай бойынша үйге ортақ (КПТУ) жылуды есептеу аспаптарымен қамту	
	Бизнес сәйкестендіру нөмірі	Атауы		өсумен барлығы, бірлік	қамту, %
7	8	9	10	11	12

**кестенің жалғасы**

--	--	--	--	--	--

Бір айдағы тарифтердің құны (халық үшін)				Жылу энергиясының нормативтік ысыраптарының деңгейі, %	Жылу энергиясы ысырабының нақты деңгейі, %	Желілердің жалпы жылу жүктемесі, Гкал / сағ.	Бекітілген тарифтік сметада көрсетілген қызметтердің көлемі, мың / Гкал	Есепті жылы көрсетілген қызметтердің нақты көлемі, мың / Гкал
жылыту		ыстық сумен қамтамасыз ету						
ең жоғарғы теңге/ Гкал	ең төменгі, теңге/ Гкал	ең жоғарғы теңге/ Гкал	ең төменгі, теңге/ Гкал	17	18	19	20	21
13	14	15	16					
Атауы _____						Мекенжайы _____		
Телефоны _____						_____		
Электрондық почта мекенжайы _____						_____		
Орындаушы _____						Тегі, аты _____ қолы, телефоны _____		
Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____						Тегі, аты _____ қолы _____		
Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)								

"Елді мекендердегі жылумен жабдықтау туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

### **"Елді мекендердегі жылумен жабдықтау туралы мәліметтер" әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме (ЕЖЖ-1, жыл сайын)**

1. Осы түсіндірме "Елді мекендердегі жылумен жабдықтау туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының тиісті басқармалары толтырады және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне ұсынады.

3. Нысанға басшы не оның міндетін атқарушы адам тегін және аты-жөнін көрсете отырып қол қояды.

4. Нысан есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірілмей ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

6. Нысан мынадай түрде толтырылады:

- 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2-бағанда әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің (ӘАОЖ) коды көрсетіледі;
- 3-бағанда облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Қазақстан Республикасы астанасының атауы көрсетіледі;
- 4-бағанда облыста, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада орталықтандырылған жылумен жабдықтауы бар халықтың жалпы саны көрсетіледі;
- 5-бағанда толтырылатын өңір бойынша тұрғын үйлердің жалпы саны көрсетіледі;
- 6-бағанда орталықтандырылған жылумен жабдықтаумен жабдықталған тұрғын үйлердің саны көрсетіледі;
- 7-бағанда толтырылатын өңір бойынша пайыздық қатынаста орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етілу көрсетіледі;
- 8-бағанда толтырылатын өңір бойынша халыққа жылумен жабдықтау қызметтерін көрсететін кәсіпорынның бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;
- 9-бағанда толтырылатын өңір бойынша халыққа жылумен жабдықтау қызметтерін көрсететін кәсіпорынның атауы көрсетіледі;
- 10-бағанда 8 және 9-бағандарда көрсетілген кәсіпорынның орталықтандырылған жылумен жабдықтауымен қамтылған абоненттер саны көрсетіледі;
- 11-бағанда есепті жылдың соңындағы жағдай бойынша өспелі жылуды есепке алудың жалпы аспаптарымен қамту саны көрсетіледі;
- 12-бағанда есепті жылдың соңындағы жағдай бойынша пайыздық арақатынаста жылуды есепке алудың жалпы аспаптарымен қамтылуы көрсетіледі;
- 13-14-бағандарда жылыту тарифтерінің бір айдағы (халық үшін) ең төменгі және ең жоғарғы құны көрсетіледі;
- 15-16-бағандарда ыстық сумен жабдықтау тарифтерінің бір айдағы (халық үшін) ең төменгі және ең жоғарғы құны көрсетіледі;
- 17-бағанда пайыздық қатынаста жылу энергиясының нормативтік ысыраптарының деңгейі көрсетіледі;
- 18-бағанда пайыздық қатынаста жылу энергиясы ысырабының нақты деңгейі көрсетіледі;
- 19-бағанда желілердің жалпы жылу жүктемесі көрсетіледі;
- 20-бағанда бекітілген тарифтік сметада көрсетілетін қызметтердің көлемі көрсетіледі;
- 21-бағанда есепті жылы көрсетілетін қызметтердің нақты көлемі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық  
даму министрінің  
2022 жылғы 16 ақпандағы  
№ 79 Бұйрығына  
қосымша

**"Бір объектіден үш объектіге дейін жылумен жабдықтауды қамтамасыз ететін дербес қазандықтар туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне.

Әкімшілік деректердің нысаны интернет-ресурста орналастырылған: [www.miid.gov.kz](http://www.miid.gov.kz)

Әкімшілік дереккөздер нысанының атауы: "Бір объектіден үш объектіге дейін жылумен жабдықтауды қамтамасыз ететін дербес қазандықтар туралы мәліметтер"

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі (нысан атауының әріптік-сандық қысқаша көрінісі): АҚ-1.

Кезеңділік: жыл сайын.

Есепті кезең: есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі

аудандық маңызы бар қалалардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына есепті жылдан кейінгі жылдың 15 қаңтарынан кешіктірмей;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей жібереді.

P/c №	Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің коды	Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың атауы	Бір объектіден үш объектіге дейін жылумен жабдықтауды қамтамасыз ететін дербес қазандықтардың саны, бірлік	Біреуден үшке дейінгі объектілерді жылумен жабдықтауды қамтамасыз ететін дербес қазандықтардың меншік нысаны, бірлік	
				жеке	коммуналдық
1	2	3	4	5	6
		Облыс (қала) бойынша барлығы, оның ішінде аумақтық бірліктер бөлінісінде:			

**кестенің жалғасы**

Отын түрі					орташа пайдалы әсер коэффициенті, %
газ	көмір	мазут / дизель отыны	электр энергиясы	басқа	



7	8	9	10	11	12
---	---	---	----	----	----

**кестенің жалғасы**

Дербес қазандықтардың қуаты						Бір объектіден үш объектіге дейін жылумен жабдықтауды қамтамасыз ететін дербес қазандықтардың орташа тозуы, %	Тұтынушылар саны, бірлік		Бірден үш объектіге дейін жылумен жабдықтауды қамтамасыз ететін дербес қазандықтардағы технологиялық бұзушылықтар саны, бірлік
3-ке дейін, Гкал/сағ	тозу,%	3,1-ден 20-ға дейін, Гкал / сағ	тозу,%	20,1-ден жоғары, Гкал/сағ	тозу,%		жеке тұлғалар	занды тұлғалар	
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22

Атауы _____	Мекенжайы _____
_____	_____
_____	_____
Телефоны _____	
Электрондық почта мекенжайы _____	
Орындаушы _____ Тегі, аты және әкісінің аты бар болған жағдайда	_____ қолы, телефоны
Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____ Тегі, аты және әкісінің аты бар болған жағдайда	_____ қолы
Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)	

"Бірден үш объектіге дейін жылумен жабдықтауды қамтамасыз ететін дербес қазандықтар туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

**"Бірден үш объектіге дейін жылумен жабдықтауды қамтамасыз ететін дербес қазандықтар туралы мәліметтер" әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме (АҚ-1, жыл сайын)**

1. Осы түсіндірме "Бірден үш объектіге дейін жылумен жабдықтауды қамтамасыз ететін дербес қазандықтар туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының тиісті басқармалары толтырады және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне ұсынады.

3. Нысанға басшы не оның міндетін атқарушы адам тегін және аты-жөнін көрсете отырып қол қояды.

4. Нысан есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірілмей ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

6. Нысан мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің (ӘАОЖ) коды көрсетіледі;

3-бағанда облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Қазақстан Республикасы астанасының атауы көрсетіледі;

4-бағанда бірден үш объектіге дейін жылумен жабдықтауды қамтамасыз ететін және орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағына жатпайтын дербес қазандықтардың жалпы саны көрсетіледі;

5-6-бағандарда бірден үш объектіге дейін жылумен жабдықтауды қамтамасыз ететін дербес қазандықтардың меншік нысаны көрсетіледі;

7-11-бағандарда бірден үш объектіге дейін жылумен жабдықтауды қамтамасыз ететін дербес қазандықтардың отын түрі көрсетіледі;

12-бағанда пайыздық қатынаста пайдалы әрекеттің орташа коэффициенті көрсетіледі;

13-18-бағандарда бірден үш объектіге дейін жылумен жабдықтауды қамтамасыз ететін дербес қазандықтардың қуаты мен тозуы көрсетіледі;

19-бағанда пайыздық арақатынаста бірден үш объектіге дейін жылумен жабдықтауды қамтамасыз ететін дербес қазандықтардың орташа тозуы көрсетіледі;

20-21-бағандарда жеке және заңды тұлғалар бөлінісінде тұтынушылар саны көрсетіледі;

22-бағанда бірден үш объектіге дейін жылумен жабдықтауды қамтамасыз ететін дербес қазандықтардағы технологиялық бұзушылықтардың саны көрсетіледі.